

энциклопедиясын» дайындау туралы Қазақстан өлкелік БКП (б) комитетінің бюросының шешімімен жасақталған бірінші топта Нүрпейісов, Исаев, Кабулов, Васюткин және Жүргенов болғанын атап өтуіміз керек[19]. Осыған қоса сауаты аздарға арналған журналдың редколлегиясының мүшесі болған және «Литературный Казахстан» газетінің редакциялық алқасында болған[20].

Жұмысты жазу барысында ұсынылған құжаттар мен пайдаланылған материалдар Т. Жүргеновтің қайраткерлік қызметінен ғана емес, сонымен қатар ұлт тарихының күрделі кезеңінен хабар беретін деректерге толы. Жоғарыда жазылған деректердің талаптарына сай әрбір құжаттың грамматикалық, орфографиялық, стильдік т.б. түпнұсқалығы сақталып отыр, бұл оның қолданбалық маңызын арттыра түседі деп санаймыз[21].

Темірбек Жүргеновтің өмірі мен қызметін зерттеу әлі де толықтыруларды қажет етеді. Олай айтуымның өзіндік себебі бар. 2014 жылы Тәжікстанның Душанбедегі мемлекеттік мұрағатында жұмыс істеген У.С. Ибраев және Б.Б. Еңсепов Жүргеновтің еңбек жолының бұрын ешкім білмеген жаңа бетін - ағамыздың Тәжікстанның Статистика басқармасының бастығы болғанын анықтап, Тәжікстанда қаржы жүйесінің дамуына байланысты Т. Жүргеновтің жүргізген үлкен жұмысын айқындайтын көптеген жаңа құжаттар әкелген болатын. Бұл мақаланы жаза отырып, Темірбек Жүргеновтің өмірінің жаңа беттері ашылды деп ойлаймын. Алдағы уақытта Егемен еліміздің зерттеуші-ғалымдары мен жас буыны тұлғамыздың өмірі мен қызметінің жаңа беттерін толықтырады деген үміттемін. Жүргеновтің идеялары мен еңбектері бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпайды. Оның қысқа ғана ғұмыры халқына адал қызмет етудің, ұлт болашағы үшін жан аямай тер төгудің жарқын үлгісі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚРОММ. 81-қор, 3-тізбе, 325-іс. 360-п.
2. ҚРОММ. 81-қор, 3-тізбе, 326-іс. 371-п.
3. ҚРОММ. 141-қор, 1-тізбе, 6614 іс. 316-п.
4. Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты., 141-қор, 1-тізбе, 6604-іс. 359-361 п.
- 5 ҚРОММ. 81-қор, 3-тізбе, 326-іс. 371-п.
- 6 ҚРОММ. 81-қор, 3-тізбе, 325-іс. 10-п
- 7 ҚРОММ. 81-қор, 3-тізбе, 325-іс. 366-п.
8. ҚРОММ. 81-қор, 4 тізбе, 115-іс. 1-2 п.
9. ҚРОММ. 81-қор, 4-тізбе, 35-іс. 1-п.
10. ҚРОММ. 81-қор, 4-тізбе, 35-іс. 85-п.
11. Региональный статистический ежегодник Казахстана за 1992 год. - Алматы, 1993. -234 с.
12. ҚРОММ. 81-қор, 4-тізбе, 115-іс. 7-п.
13. ҚРОММ. 81-қор, 4-тізбе, 58-іс. 613-п.
14. ҚРОММ. 81-қор, 4-тізбе, 35-іс. 111-п.
15. ҚРОММ. 81-қор, 4-тізбе, 35-іс. 14-п.
16. ҚРОММ. 141-қор, 1-тізбе, 6651-іс. 379-п.
17. ҚРОММ. 141-қор, 1-тізбе, 6605-іс. 121-п.
18. Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты., 708-қор, 1-тізбе, 42-іс. 54-п.
19. Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты., 141-қор, 1-тізбе, 6606-іс. 324-п.
20. Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты., 708-қор, 1-тізбе, 42-іс. 179-п.
21. Темірбек Жүргенов - мұрағат құжаттарында. Құжаттар жинағы / Құраст. Оразбақов А. Ж, Ибраев У.С., Еңсепов Б.Б. - Астана: Фолиант, 2014. - 160 б.

ҚОЯНДЫ ЖӘРМЕҢКЕСІНІҢ ТАРИХЫ

Жеңіс А.Н., Мәди.А.Б.

Ғылыми жетекшісі: PhD доктор, қауымдастырылған профессор Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

zeisaaulym@gmail.com

Қарағанды қ.

Қазақ өлкесінің капиталистік қатынастар саласына бірте-бірте араласуы халықтың шаруашылық. өміріне,. атап айтқанда сауданың нысаны мен мазмұнына көптеген өзгерістер енгізді. Ішкі сауда екі нысанда жүргізілді: айырбас және ақша. Соңғысын, негізінен, бүкіл өлкеге бытырап жатқан орыс-украин шаруалары мен қазақ ауылдары. ал айырбасты негізінен көшпелілер жүргізді.

Егер XVIII. ғасырда қазақтармен еркін сауда-саттық негізінен шекара шебіне таяу бекіністерде жүргізіліп келген болса, енді XIX ғасырда оның сипаты мүлде өзгерді. Олар «әкімшілік реформаларды» жүзеге асырумен, сондай-ақ қоныс аударушы шаруалар арқылы отарлау әрекеттерімен байланысты болды. Сауда орталықтары бірте-бірте Қазақстанның ішкі аудандарына қарай ойысты. Олар округ орталықтарына, қоныс аударушы шаруалардың елді мекендеріне және жаңа қалаларға қарай жақындай түсті. Бұрын сауда-саттықтың басты орталықтары Орынбор, Троицк, Петропавл, Преснегорьков, Омбы, Семей және Орал бекініс қамалдары болып келген еді. Ал XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап, округтық приказдар да сауда орталықтарына айнала бастады. Мәселен, Қазақстанның солтүстік-шығыс жағындағы Сібір әкімшілігіне қарайтын қазақтардың өздерінен ғана орыс көпестері жыл сайын 3 миллионға дейін қой, 150 мыңға дейін жылқы және 100 мыңға дейін мүйізді ірі қара сатып алатын. Орыстар мен қазақтар арасындағы сауда негізінен татар көпестері мен уағыздаушылардың көмегімен жүзеге асырылды. Қазақ жерінен орыс көпестері елтірі мен кілем, тері-терсек, жүн, май және басқа да мал өнімдерін айырбастап, әрі сатып алды. Жергілікті тоқымашылар жасаған қазақ шекаралары орыс көпестерінде үлкен сұраныс тудырды.

Қала мен ауылдың экономикалық байланысы сауда арқылы нығайса, жәрмеңке өткізіледі. Қазақ даласындағы жәрмеңке саудасының рөлі туралы Дала генерал-губернаторы 1883 жылғы патшаға берген есебінде былай деп жазады: «Жалпы алғанда географиялық орналасуы жағынан біздің Орта Азиямен сауда жолымызда жатқан, мемлекеттің құрамына кіретін Дала генерал-губернаторлығы өте кең өлкені алып жатыр, Даланың көпшілігі тұрғындары сауда керуендерін жүк тасымалдайтын көліктерімен қамтамасыз етіп сауданың өрістеуіне жағдай жасайды, өздерінің қойларын, жылқыларын, ірі қараларын сату арқылы мемлекеттің азық-түлік қорын молайтуда. Ал мал шаруашылығының өнімдеріне Европалық Ресейдің шығыс губернияларынан. Олар Сібірдің көрші облыстарынан зауыт тауарларын айырбастайды. Бір жарым миллиондай көшпелі тұрғындар Ресейдің ауыл шаруашылығы, қолөнер және мануфактуралық өнеркәсіптік өнімдерін өткізетін орасан зор тұтыну рыногы болып табылады». Жәрмеңке саудасы таза мал шаруашылығы дамыған қазақ даласы үшін басты маңызы бар сауданың түрі болды. Өйткені көшпелі қазақ ауылының тұрғындары үшін өте ыңғайлы болды. Олар мал мен мал шаруашылығының өнімдерін өздеріне аса қажетті галантериялық, мануфактуралық, темір және басқа бұйымдарға айырбастап ала алды. Ол алысқа бармай, жақын маңдағы жәрмеңкелерден барлық қажетті өнімдерді табуға тырысты. XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресейдің қазақтармен саудасының басым көпшілігі тепе-тең баламасыз айырбас түрінде жүрді. Барлық нәрсенің бірдей баламалы эквиваленті қой (ісек) болды. Ресей көпестері түкке тұрмайтын арзан өнеркәсіп бұйымдарын бағалы мал өнімдері мен шикізаттарға айырбас жасап, шаш-етектен пайда тапты. Мысалы, Ірбіт жәрмеңкесінде 2 сом 70 тиынға сатып алынған қазандар мұнда қазақтарға 50 сомға сатылған. Саудагерлер Қазақстанға сапасыз өнім шығарды. Өсімқорлық операциялар да кең өріс алды. Мұны көпестер де, қазақтар да жасады. Олар өз өнімдерін қазаққа малмен төлем түрінде беріп, одан есімақысын малға алған. 1835 жылы Қазақстанға әкелінетін астық пен егіншілік құрал-саймандарына баж салығын төлеу алып тасталды. Бұл жағдай мен басқа да бірқатар шаралар Ресей көпестерінің Қазақстанмен сауда-саттық жасауды күшейтуге деген ынта-ықыласын арттыра түсті. XIX ғасырдың екінші жартысындағы неғұрлым ірі сауда орталықтары Ақмола, Павлодар, Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау, Қазалы және Жаркент қалалары болды. Сауда-саттық айырбас және ақшамен балама түрінде де жүргізілді.

Жәрмеңкелік сауда мал өсірушілер мен отырықшы диқандардың екі арасында делдалдық сипат алды. Сауданың бұл түрі мал сатушы қазақтарға өте-мөте тиімді болды. Олар жәрмеңкеде өздерінің малдары мен мал өнімдерін көптеп айырбастай алды. Жәрмеңкелік сауданың кеңінен өріс алуына бірқатар себептер болды. Қазақстанның негізгі халқы көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын ұстанды. Мұндай жағдайда олардың өз малдарын үлкен жәрмеңкелерде көптеп сатуы және егіншілікпен айналысатын отырықшы халықтан азық-түлік өнімдерін молынан сатып алуы өте қолайлы болды. Екіншіден, қазақтың кең-байтақ даласындағы жол жүйесі нашар дамыған еді.

Б.Құрманбеков жәрмеңке саудасының дамуы үшін мынадай алғышарттар қажет екендігін көрсеткен:

«1.Жәрмеңке ашылатын территорияның географиялық және климаттық жағдайларының сауда қатынастарының дамуына өте қолайлы болуы.

2.Жәрмеңкеде сатылатын товарларды сатып алатын тұрақты сұраныс иесі - жергілікті халықтың жеткілікті болуы.

3.Жәрмеңкелерде сатылатын товарлардың басым бөлігі, яғни товар айналымының негізін құрайтын мал санының және мал өнімдерінің саудагер-көпестердің сұранысына толығымен сай келуі.

4. Жәрмеңке орналасқан жердің табиғи қолайлығы және негізгі сатып алушы-клиенттердің көші - қон жолына жақын болуы.

5. Жәрмеңкеде товар сататын саудагер көпестердің товар әкеліп сатуға жіне айырбастауға қолайлы жағдайлардың қалыптасуы [1;14].

Атақты Қоянды жәрмеңкесі 1848-1930 жылдар аралығында Сарыарқа төрінде орналасқан ірі маусымдық сауда орталығы болған. Ол 1848 жылы Қарқаралы станицасынан 52 шақырым қашықтықтағы Талды өзенінің бойында Қоянды деген жерде айырбас сауда орталығы ретінде ашылған. 1848 жылы мамыр айында Ялуторск (Түмен облысындағы Тобыл өзенінің сол жағалауында орналасқан қалашық) көпесі В.Ботов өндіріс тауарларымен сауда жасау мақсатында Қызылжарға мал айдап апара жатқан саудагерлерді Талды бойындағы Қояндының Токпақ тауларының етегінде күтіп алады. Сол жерде өз тауарларын қымбат бағамен айырбастап, мал мен одан алынатын өнімдерді Қызылжарға, Ресей қалаларына жеткізіп, пайда табады. Мұндай оңай олжа бірте-бірте басқа да көпестердің назарын аударады. Алғашқыда аумағы 2 шаршы шақырым ғана болса, кейіннен ұзындығы 11 шақырым, ені 5 шақырымдай жерді алып, бүкіл Талды даласы сауда алаңына айналып кетеді.

Жәрмеңкенің осы аталған жерде орналасуының, оның қарыштап дамуының себептеріне сатуға әкелінген малды уақытша жаюға Талдының жері құнарлы, суы мол, шөбі шүйгін болуы үлкен септігін тигізеді. Сондай-ақ географиялық тұрғыдан мал және мал өнімдерін шекаралас Шығыс елдеріне, Батыс Сібір, орталық Ресейге өткізуге қолайлы жол бойында болуы да ерекше рөл атқарды. Қарқаралының ертеден көпестердің сауда-саттықпен айналысқан дағдылы өңіріне айналуы, мал өнімдерін Қазақстанның барлық өңірлерінен әкелуге орталықта орналасуы сияқты маңызды факторлар да өз артықшылығын көрсетті.

Семей губерниясының әскери губернаторы Полторацкий мен Қарқаралы уезінің бастығы штаб-капитан Тихонов 1869 жылы Қоянды сауда орнын «жәрмеңке» деп атауға бұйрық шығарып, осы кезден бастап, бірде «Қарқаралы», бірде «Қоянды» деп аталып жүрген жәрмеңке «Ботов» атауына ие болды. Жәрмеңкенің алғашқы сауда-саттық ісі қазақи киіз үйлерде жүргізілсе, 1871 жылдан бастап арнайы сауда орындары салына бастайды [2;84].

Негізгі сауда айналымында жергілікті қазақтар жағынан - төрт түлік мал, оның ішінде қой саудасы негізгі рөл атқарған. Сонымен бірге жергілікті мал және мал өнімдеріне Батыс Қытай, Моңғолия, Үндістан, Батыс Сібір, орталық Ресей саудагерлері өз жерлеріндегі сауда бұйымдарын айырбасқа салып отырған. Мысалы, көпес Андрей Рязанцевтің дүкеніндегі сөрелерде ағылшын шұғасы, бельгиялық шілтер, Ивановтан шыққан сиса, париждік әтір, шай сервиздері, түрлі ыдыс-аяқ тұрған. Бұл деректер Қоянды жәрмеңкесінің халықаралық сипатқа ие болғанын дәлелдейді. Бара-бара Қоянды жәрмеңкесінің өткізілу уақыты ретке келтіріледі. 1869 жылы 12 қыркүйекте Батыс Сібір бас басқармасының кеңесі Қоянды жерінде жәрмеңкені жыл сайын 15 маусымнан 15 шілдеге дейін өткізуді бекіткен. Қоянды жәрмеңкесі жылдан-жылға кеңейіп, сауда орындары көбейе түскен. Оған дәлел: 1876 жылы он алты дүкен, 120 киіз үй болған. 1883 жылы бұлардың саны сәйкесінше 110-ға және 250-ге, ал 1890 жылы 247-ге және 1000-ға жеткен. Жәрмеңкедегі сауда үй-жайлары ұзын-ұзын төрт қатарға орналастырылады. Ортадағы екі қатарда орталық Ресейдің ірі сауда-өнеркәсіптік аудандарының көпестері мен сібір көпестері мануфактура, шай және басқа да тауарларын сатса, көрші қатарларда - қазақтар, ортаазиялық және қытай көпестері сауда-саттық жүргізген. Бұл жерлерде жібек, кілем, шығыс тәттілері, нан мен қымыз сатылған. Сауда-саттықтың жандануы делдалдардың пайда болуына әкелді. Делдалдар төрт санатқа бөлінді: базарбасы, мақлак, алыпсатарлар мен саудагерлер. Басқа жақтан келген көпестердің дүкеншісі рөлін базарбасылар атқарған. Алыпсатарлар малды алып-сатқан, ал саудагерлер сатып алған тауарларды ауылдарға апарып сатумен айналысқан.

1889 жылы Қоянды жәрмеңкесінде телеграф, 1894 жылы Ресейдің қаржы министрлігі Мемлекеттік банк бөлімшесінің ғимараты тұрғызылды. Сауда қатарларының жанынан шенеуніктерге арналған квартал салынды. Сонымен қатар Қарқаралы уезі бастығына, судьяға, мал және адам дәрігерлеріне, полицияға орын берілді. Сөйтіп, XIX ғасырдың аяғына қарай Қоянды жәрмеңкесінің жыл сайынғы айналымы 2 миллион рубльді құрап, нәтижесінде 1-деңгейлі жәрмеңке қатарына көтерілген.

Бірінші дүниежүзілік соғыс Ботов жәрмеңкесіндегі сауда-саттық көлемінің азаюына алып келді. Ал Қазан төңкерісінен кейін Семей облыстық кеңесінің атқару комитеті 1918 жылы 13 мамырдағы қаулысымен жәрмеңкені Қоянды деп атап, оны кеңес өкіметінің қарамағына беру туралы қаулы қабылдады.

Азамат соғысы жылдарында жәрмеңке мүлдем тоқтап қалды. Тек НЭП (жаңа экономикалық саясат) жылдары жекеменшік шаруашылықтарының жандануымен Қоянды жәрмеңкесі де қайта жаңғыра бастады. 1923 жылдан бастап 5 жылдың ішінде жәрмеңке айналымы 5,35 миллион рубльге

дейін өскен. Арқа төсінде 82 жыл дүрілдеген Қоянды жәрмеңкесі үлкен нәубет алдында, 1930 жылы біржолата жабылды. Содан соң жәрмеңкенің құрылыс-жайлары ұжымшарларға берілді [3;36].

Жәрмеңке тек сауда-саттық ісінде ғана емес, көршілес елдермен тұрақты сауда-шаруашылық байланыс жасауда, қазақ халқының өнері мен мәдениеті дамуының көрнісі ретінде және әлеуметтік-саяси өмірінде маңызды орын алды. Қоянды жәрмеңкесі қазақ қауымының бас қосатын, халық өнерін насихаттаудың орталығы болды. Ұлы дала өңірінің небір тарландары жиылып, өнер сайысын ұйымдастырып, жәрмеңкені қыздыра түсті. Әншілер, балуандар, цирк әртістері Қытай, Ресей, Жапониядан да келген. Мұнда Жанақ, Абай, Шөже, Тәттімбет, Біржан сал, т.б болған. Әміре, Қали, Ғаббас, Майра, Мәди, Жақыпбек, Жүсіпбектер ән шырқаған еді. Балуан Шолақ пен Қажымұқандар түрлі және өрелі өнерлерімен көзге түскен. Қоянды жәрмеңкесі қазақ ұлтының өнер саңлақтары түлеп ұшқан өнер мектебі болды. Оған мысал ретінде қазақ халқының атақты әншісі, сырнайшы М.Уәлиқызының танымал болуына, Қ.Қуанышбаевтың бірнеше күн бойына дауысын бірде бала, бірде кемпір, бірде шал қылып құбылтып, атын бүкіл қазаққа әйгілі етуіне де осы жәрмеңке себепкер болған. Қояндыда өнерін ұштап, қияға қалықтаған Қалибек Қуанышбаев, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов бастаған тұма таланттар 1926 жылы Қызылордада құрылған тұңғыш кәсіби қазақ театрының негізін қалаушылар десек, жәрмеңке ұлттық театр өнерінің бастауында тұрғанын айтуға болады. Мұнда «Халық үйі» жұмыс істеп, ақындар айтысы өткізілген және қазақша спектакльдер қойылған. Оқу залының есебінде 3 300 адамға тарта оқырман тұрған. Жәрмеңке бір мезгілде Ұлы даланың сауда-саттық әрі мәдени орталығына айналды.

Радиодан Мәскеу мен Новосібірдегі оқиғалар туралы хабарламалар беріліп, 1925 жылы семейлік «Степная правда» газетінің редакциясы Қоянды жәрмеңкесінде «Ярмарочный вестник» хабаршысын шығарған. Онымен белгілі орыс жазушысы Николай Анов айналысқан. Хабаршы 100 дана тиражбен шығарылып, тез тарап кеткен. Қазақтарды баспа бетінде басылған жаңалықтармен таныстыру үшін ақын Иса Байзақов жаңалықтар мазмұнын өлеңмен жеткізген. Сөйтіп, Қоянды жәрмеңкесінде бүкіл Сарыарқаның тыныс-тіршілігі қызу қайнап жатты [4;67].

Жәрмеңке қазақ даласында ұлттық сауда элитасын қалыптастырған. Сауда-саттық ісіне қазақ байлары да белсене араласқан. Қарқаралы көпесі Қалиолла Бекметов, павлодарлық көпес Дерев, семейлік көпес-әйел Кәрімова, т.б. жәрмеңкеде өз дүкендерін ашқан. Олар орыс саудагерлерінен қылшық жүнді шұға, сәтен, бөз, қытай маталарын, қазан, самауырлар, ауылшаруашылық бұйымдарын сатып алып, ауылдастарына қойға айырбастаған.

Қоянды жәрмеңкесі сол кездегі қазақ ұлтының әлеуметтік-саяси өміріне де үлкен ықпалын тигізді. XX ғасырдың басында Қазақстандағы ұлт-азаттық күрестің ұйтқысы - Алаш қайраткерлерінің «Қарқаралы петициясы» осы Қоянды жәрмеңкесінде ұйымдастырылғаны белгілі. 1905 жылы Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен қазақ ұлтының азаттығына бағытталған саяси-әлеуметтік талаптар қойылған петицияға Қояндыда 14 мыңнан астам адам қол қойып, патша өкіметіне жіберілген еді. Қарқаралы петициясында жергілікті халықтың құқығы мен абыройын аяқасты етуге жол бермеу, патша әкімдерінің жүгенсіздігіне тыйым салу, халықтың ана тілінде білім алуын ұйымдастыру, қоныстандыру саясатын тоқтату, тартып алынған жерлерді қазақтарға қайтару сияқты ұлт үшін маңызды талаптар қойылды. Сөйтіп, Қарқаралы - Қоянды өлкесі Алаш қозғалысының алтын бесігіне айналды. Қоянды жәрмеңкесінің ұйымдастырылуы мен жүргізілуінде патша өкіметінің отаршылдық саясаты айқын көрініс берді. Біріншіден, Қоянды жәрмеңкесін ұйымдастыру арқылы патша өкіметі қазақтың мал өнімдерін арзанға бағалап, айырбастау арқылы орыс көпестерін байытуды көздеді. Оны мынадай мысалдардан көруге болады. Қазақтар малды ақшаға сатқаннан гөрі оны астыққа, мануфактураға және зауыт бұйымдарына айырбастағанды жөн көрген. Қазақ саудагерлері сырттан келетін тауардың нақты құнын білмегендіктен, экономикалық тұрғыдан алғанда айырбас тең бағалы болған жоқ [1, 84 б.].

Мысалы, құнан қой үшін қазақтар 6 пұт (98,3 кг) тары немесе 4 пұт (65,5 кг) бидай алған, ал ақша эквивалентінде бұл сол кез үшін екі тірі қаздың құны болған. Оның үстіне, сол тұстағы қазақ даласында өсірілген мал өнімдерінің сапасы өте жоғары болғандығын айту керек. Қазақтар арасында болған И.Заволишин: «Қазақ малы орыс малынан ірірек, оның еті нәрлі де дәмді. Қазақтың өгізі 10 пұт ет берсе, орыс өгізі 5 пұт қана ет береді» деп жазған. Сол кезеңдегі қазақ даласында өсірілген малдан алынған май Лондон биржасында Дания мен Жаңа Зеландияда өндірілген майды ығыстырып шығарғаны да белгілі. Қарқаралы уезінің 1-бөлімшесінің ветеринары К.Саулить деген азамат 1906 жылы Қоянды жәрмеңкесі кеңесінің төрағасы болған екен. Сол жылы К.Саулить былай деп жазыпты: «Өкінішке қарай, Қоянды жәрмеңкесі кезінде далалықтарға өте төмен сапасыз тауарлар сатылады. Ұятсыз көпестер небір қылықтарға барып, көшпелілерге ешбір жерде сұраныс көрмеген тауарларын неше түрлі айла-шарғылармен өткізеді. Жәрмеңке көпестері 60 пайызға дейін өздерінің пайдасына жеп

үйренген». Әділетті ветеринар пысықай көпестердің тойымсыз қарекеттерін осылай әшкерелеген. Осындай шындықты ашық айтқан жәрменке төрағасына көпестер қарсы әрекет жасайды. 1907 жылы көпестер Семей губернаторына: «Бұрынғы заңдылықтарды пайдалана отырып, жәрменке төрағасын қарқаралылықтардан әрі ветеринардан тағайындамау керек» деген ұсыныс жіберген.

Қорытындылай келе жоғарыда келтірілген деректерден Қоянды жәрменкесі сол кездегі қазақ даласында үстемдік еткен патша өкіметі отаршылдық саясатын экономикалық тұрғыдан жүзеге асырудың бір құралына айналғанын көруге болады. Қоянды жәрменкесінің саудагерлерге және өнерпаздардың атыны шығыуна пайда тиген болатын. Жәрменке ең үкен әрі қарқынды түрде саудасаттықты дамытқан үлкен жәрменкелердің бірі болған еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): бес томдық. - Алматы: Атамұра, 2002. 3-том. - 768 б.
2. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов. Основы жизнедеятельности номадного общества. - Алматы - М., 1995.
3. Шаймуханов Д.А., Шаймуханова С.Д. Карлаг. - Караганда, 1997.

СӘМЕКЕ ХАН: САЯСАТКЕР, ҚОЛБАСШЫ, ТҮЛҒА

Жумажанова А.А.

Ғылыми жетекшісі: PhD доктор, қауымдастырылған профессор Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті.

aminajumajanova250@gmail.com

Қарағанды қ.

XVIII ғасыр - қазақ халқының тағдырын айқындаған, ел бірлігі мен тәуелсіздігі сынға түскен күрделі тарихи кезең. Осы кезеңде мемлекет тұтастығы мен елдік мүдде жолында қайраткерлік қасиеті мен қолбасшылық шеберлігі жағынан ерекшеленген дара тұлғалардың бірі - Сәмеке хан (Азан шақырып қойған есімі Шахмұхаммет). Орыс архивтарында Сәмеке хан есімі «Шемяка» деген атпен кездеседі. Ол Тәуке ханның үлкен ұлы және Орта жүздің бірінші ханы. Сәмеке хан саясаткер, қолбасшы және халық тағдырына жауапкершілікпен қараған тұлға. Сәмеке ханның тегі туралы алғашқы мәлімет 1735 жылы қағазға түсірілген Нұрмұхаммет сарттын айтуымен байланысты [1, 168 б.]. Біз бұл дерекке қарап Сәмеке ханның Тәуке ханның ұлы екендігін біле аламыз. Алайда ең бір қызығы А.К. Тевкелев 1748 жылы қазақ хандарының шежіресі туралы мәліметтерлі келтірген кезде Сәмеке ханның бауыры Болат ханды ұлымен бірге жазып, Сәмеке ханның көзі тірісінде кездескеніне қарамастан ол туралы мәліметті жазбағандығын аңғарамыз [2, 8 б.].

Орта жүздің бұл ханы туралы мәліметтер өте аз. Сонымен қатар деректерге сүйенер болсақ Сәмеке ханның нақты туған жылы туралы ақпараттар берілмеген. Кей деректерде оның 1660 жылы туылған десе тағы бір деректе оны 1680 жылы дүниеге келген делінеді. Алайда мен Сәмеке ханның туған жылы 1660 жыл деген нұсқаға көбірек келісер едім. Себебі Тәуке ханның туған жылы туралы деректерде 1643-1645 жылдар шамасы көрсетіледі. Егер Сәмеке хан Тәуке ханның үлкен ұлдарының бірі болғанын ескерсек, оның 1660 жылдары дүниеге келуі тарихи-логикалық жағынан қисынды.

Бұл көзқарасты қазақ шежіресін зерттеген тарихшы С.Жолдасбайұлы да қолдайды. Ол өзінің «Қазақ хандары» атты еңбегінде Сәмеке ханның XVII ғасырдың орта шенінде туған болуы ықтимал екенін айтады. Сондай-ақ академик М.Қозыбаев қазақ жүздеріндегі хандық биліктің мұралану дәстүріне сүйене отырып, Сәмеке ханның саяси сахнаға XVII ғасырдың соңында шыққанын, демек оның туған жылын 1660 жылдарға жатқызуға болатындығын жобалайды. Қ.Салғарин де тарихи шежірелік деректерге сүйеніп, Сәмеке ханның Болат ханнан кейінгі, яғни шамамен 1658-1662 жылдары туған ұлдардың бірі екенін атап өтеді.

Ал 1680 жыл нұсқасын қолдайтын зерттеушілер қатарында А.Левшин мен К.Пишулинның еңбектерін атауға болады. Олар Сәмеке ханның сыртқы саясаттағы белсенділігі XVIII ғасырдың 20-30 жылдарына сәйкес келетінін негізге ала отырып, оның жасы шамамен 35-40-та болған деп болжайды. Алайда бұл пікірде нақты шежірелік дәлелдер аз, көбіне мұрағаттық сипаттамаларға ғана сүйене отырып айтылған.